

# **«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ»**

акционерлік қоғамының

## **АКЦИЯЛАР ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТІСІНЕ**

### **ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ**

*Жарияланған акциялар шығарылымын уәкілетті органда мемлекеттік тіркеу инвесторларға осы проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсыныс беруді білдірмейді. Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген уәкілетті орган аталған құжаттағы ақпараттың сенімділігі үшін жауапкершілік арқаламайды. Акциялар проспектісін уәкілетті орган тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарастырды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпарат үшін жауап береді және қоғам мен оның акцияларына қатысты инвесторларға берілген ақпараттың дәл әрі сенімді екендігін растайды.*

Алматы қаласы

2011 ж.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларының 2005 жылғы 29 наурызда тіркелген проспектісіне (2005 жылғы 28 шілдеде, 2005 жылғы 18 қарашада, 2006 жылғы 30 мамырда, 2006 жылғы 04 желтоқсанда, 2007 жылғы 06 ақпанда, 2007 жылғы 18 маусымда, 2007 жылғы 17 тамызда, 2007 жылғы 02 қарашада, 2008 жылғы 02 сәуірде, 2009 жылғы 13 қаңтарда, 2009 жылғы 19 наурызда, 2009 жылғы 18 мамырда, 2009 жылғы 24 қарашада, 2010 жылғы 22 ақпанда, 2010 жылғы 27 мамырда, 2010 жылғы 16 шілдеде және 2010 жылғы 25 тамызда енгізілген өзгерістерімен қоса) (шығарылым Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне № А3387 нөмірімен енгізілді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі» деген 11-тармақ мынадай редакцияда берілсін:

#### «11. Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі»

| Директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы (тәуелсіз директорларды қоса көрсету)                    | Директорлар кеңесі төрағасы мен мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақыттағы, оның ішінде қоса атқару бойынша қызметтік лауазымы, олардың лауазымға тағайындалған күні  |
|--|---|
| «Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br>Директорлар кеңесінің төрағасы -<br>тәуелсіз директор,<br><b>Павлов Александр Сергеевич</b><br>1953 жылы туған | <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2004 жылғы 25 наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор</li> <li>▪ 2007 жылғы қыркүйектен бастап 2010 жылғы мамыр бойынша - Қазақстан Республикасы Президентінің тұсындағы Ұлттық инвесторлар кеңесінің мүшесі</li> <li>▪ 2010 жылғы мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін - Қазақстан Республикасы Президентінің тұсындағы Кәсіпкерлер кеңесінің мүшесі</li> <li>▪ 2010 жылғы 06 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі тұсындағы Кадрлар және сыйақылау бойынша комитетінің мүшесі</li> </ul> |
| «Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br>Директорлар кеңесінің мүшесі -<br>тәуелсіз директор,<br><b>Дамитов Кадыржан Кабдошевич</b><br>1959 жылы туған  | <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2007 жылғы қыркүйектен бастап 2009 жылғы ақпан бойынша - «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық қоры» АҚ Басқармасының Төрағасы</li> <li>▪ 2009 жылғы 30 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан қор биржасы» АҚ Президенті</li> <li>▪ 2010 жылғы 23 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор</li> <li>▪ 2010 жылғы 06 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі тұсындағы Аудит бойынша комитетінің мүшесі</li> </ul>   |
| «Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br>Директорлар кеңесінің мүшесі<br><b>Сатылганов Кайрат Алпамышевич</b><br>1965 жылы туған                        | <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2004 жылғы 24 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</li> <li>▪ 2005 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін - «Холдинговая группа «АЛМЭКС» АҚ Басқармасының Төрағасы</li> <li>▪ 2005 жылғы 23 желтоқсанныан бастап қазіргі уақытқа дейін «Холдинговая группа «АЛМЭКС» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</li> </ul>   |

| <p>Директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы (тәуелсіз директорларды қоса көрсету)</p>   | <p>Директорлар кеңесі төрағасы мен мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақыттағы, оның ішінде қоса атқару бойынша қызметтік лауазымы, олардың лауазымға тағайындалған күні</p>   |
|--|---|
| <p>Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br/>Директорлар кеңесінің мүшесі<br/><b>Шаяхметова Умут Болатхановна</b><br/>1969 жылы туған</p>  | <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2005 жылғы ақпаннан бастап 2009 жылғы қаңтар бойынша - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары</li> <li>▪ 2009 жылғы 22 қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасының Төрағасы</li> <li>▪ 2009 жылғы наурыздан бастап 2011 жылғы сәуір бойынша – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымы Қазақстан Халық Банкінің жинақтау зейнетақы қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</li> <li>▪ 2009 жылғы 23 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</li> <li>▪ 2009 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымы Қазақстан Халық Банкінің жинақтау зейнетақы қоры» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы</li> <li>▪ 2010 жылғы 06 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі тұсындағы Кадрлар және сыйақылау бойынша комитетінің мүшесі</li> </ul> |
| <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br/>Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор,<br/><b>Кристоф Рель (Christof Ruehl)</b><br/>1958 жылы туған</p>                                   | <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2007 жылғы 01 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор</li> <li>▪ 2007 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін - Бас экономист және Вице-президент, British Petroleum p.l.c., Лондон</li> <li>▪ 2008 жылдан бастап 2009 жыл бойынша - Британ энергетика экономикасы институтының төрағасы, Лондон</li> <li>▪ 2010 жылғы 06 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі тұсындағы Аудит бойынша комитетінің төрағасы</li> </ul>  |
| <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br/>Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор,<br/><b>Фрэнк Кайларс (Franciscus Cornelis Wilhelmus (Frank) Kuijlaars)</b><br/>1958 жылы туған</p> | <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2006 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін - тәуелсіз директор, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</li> <li>▪ 2009 жылғы 01 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор</li> <li>▪ 2010 жылғы 06 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі тұсындағы Кадрлар және сыйақылау бойынша комитетінің төрағасы</li> </ul>   |
| <p>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ<br/>Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор,<br/><b>Ульф Вокурка (Ulf Wokurka)</b><br/>1962 жылы туған</p>                                      | <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ 2006 жылдан бастап 2008 жыл бойынша – Басқарма төрағасының орынбасары – «Самұрық» мемлекеттік активтерін басқару бойынша Қазақстандық холдинг» АҚ Басқармасының мүшесі;</li> <li>▪ 2010 жылғы қыркүйектен бастап – Басқарушы директор, Қазақстан бойынша Deutsche Bank AG Бас директоры;</li> </ul>  |

|  |   |
|--|---|
| <p>Директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы (тәуелсіз директорларды қоса көрсету)</p> | <p>Директорлар кеңесі төрағасы мен мүшелерінің соңғы 3 жылдағы және қазіргі уақыттағы, оның ішінде қоса атқару бойынша қызметтік лауазымы, олардың лауазымға тағайындалған күні</p>   |
|  | <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ қазіргі кезде Metzler Asset Management GmbH басқарушы директоры болып табылады, Франкфурт на Майне қ.</li> <li>▪ 2011 жылғы 21 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор</li> </ul> |

**Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі дауыс беруші акциялардың акционерлік қоғамның жалпы дауыс беруші акциялар санына пайыздық қатынасы** – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның дауыс беруші акцияларына иелік етпейді.

**Еншілес және тәуелді ұйымдардағы директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлестердің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлестерінің) жалпы санына пайыздық қатынасы** - «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарының акцияларына (жарғылық капиталдағы үлестеріне) иелік етпейді.

**Директорлар кеңесі құрамындағы алдыңғы екі жыл ішіндегі өзгерістері және көрсетілген өзгерістердің себептері:**

- 1) 2009 жылғы 22 қаңтарда Марченко Григорий Александрович мырза берген өтінішіне сәйкес, өз еркімен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің құрамынан шықты.
- 2) 2009 жылғы 23 сәуірде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында (№ 27 хаттама) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасының Төрағасы лауазымы бойынша Шаяхметова Умут Болатхановна ханым және бейрезиденттердің арасынан тәуелсіз директор ретінде (Фрэнк Кайларстың кандидатурасына уәкілетті органнан алдын-ала келісім алу қажеттілігіне байланысты оның өкілеттік мерзімінің басталуы 2009 жылғы 01 маусымнан белгіленді) Фрэнк Кайларс мырза (Franciscus Cornelis Wilhelmus (Frank) Kuijlaars) тағайындалды. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін толықтырып сайлау «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген корпоративтік басқарудың негізгі принциптеріне сәйкес болашақта даму қажеттігі мен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің біліктілігін көтерумен байланысты.
- 3) 2010 жылғы 23 сәуірде Арстанбекова Камиля Валерьевна ханым берген өтінішіне сәйкес, өз еркімен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің құрамынан шықты.
- 4) 2010 жылғы 23 сәуірде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында (№ 28 хаттама) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде Дамитов Кадыржан Кабдошевич мырза тағайындалды. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесін толықтырып сайлау «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген корпоративтік басқарудың негізгі принциптеріне сәйкес болашақта даму қажеттігі мен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің біліктілігін көтерумен байланысты.
- 5) 2011 жылғы 21 сәуірде Елемесов Аскар Раушанұлы мырза берген өтінішіне сәйкес, өз еркімен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің құрамынан шықты.
- 6) 2011 жылғы 21 сәуірде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында (№ 29 хаттама) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің әрекеттегі құрамы тағайындалды. 2008 жылғы 21 ақпанда өткен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында тағайындалған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің алдыңғы құрамының өкілеттігі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар

кеңесінің әрекеттегі құрамы сайланған 2011 жылғы 21 сәуірдегі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу сәтіне аяқталды.»

2. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның акцияларды шығару проспектісі мынадай редакциядағы 11-1. және 11-3. тармақтарымен толықтырылсын:

**«11-1. Қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері.**

| р/н № | Комитеттің атауы                           | Комитеттің құзыреті  |
|-------|--|--|
| 1.    | <b>Аудит бойынша комитет</b>               | <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесіне сыртқы аудитордың кандидатурасын, сыртқы аудиторға төлемақы сомасын және сыртқы аудитордың қызметінің нәтижелерін қарастыруды ұсыну. Сыртқы аудитор тікелей Комитетке есеп бере алады;</li> <li>▪ қаржылық есеп беру мәселелері бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы мен сыртқы аудитор арасындағы кез-келген келіспеушіліктерді шешуге қатысу;</li> <li>▪ сыртқы аудитордың кез-келген қызметтерінің көлемін алдын-ала бекіту;</li> <li>▪ өзінің құзыретіне кіретін кез-келген мәселелер бойынша тергеу жүргізу және санкциялау;</li> <li>▪ құрылымдық бөлімшелерге сол құрылымдық бөлімшелердің қызметінде жіберілген оқылықтар бойынша қызметтік тексерістер жүргізуді тапсыру;</li> <li>▪ ішкі бақылау саласында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның стратегиясы мен саясатын анықтайтын ішкі нормативті актілердің тұжырымдамалық жобаларын қарастыру;</li> <li>▪ аудиторлар мен қадағалау органдарының жүргізген тексерулерінің нәтижелері бойынша ескертулерді жою мен ұсыныстарды дереу орындауды қамтамасыз ететін іс-шараларды жүргізілуіне бақылау жасау;</li> <li>▪ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқармасы мен сыртқы пайдаланушыларға ұсынылатын, Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес жасалған қаржы есептілігінің дәйектілігі мен нақтылығын талқылау, есепке алу бойынша мәселелерді қарастыру және олардың қаржылық есептілікке тигізетін әсерін талдау.</li> </ul> |
| 2.    | <b>Кадрлар және сыйақы бойынша комитет</b> | <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне (Директорлар кеңесінің төрағасы мен Басқарма төрағасынан басқа), «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасына және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымдарының директорлар кеңесінің мүшелеріне кандидаттар бойынша ұсыныстар беру;</li> <li>▪ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің төрағасын, Басқарма төрағасы мен мүшелерін сыйақылау жүйесі бойынша ұсыныстар беру;</li> <li>▪ Директорлар кеңесінің мүшелерін жеке сыйақылау мөлшерін белгілеу/өзгерту бойынша ұсыныстарды Директорлар кеңесіне енгізу (Директорлар кеңесінің төрағасы мен Басқарма төрағасынан басқа (егер Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің мүшесі болған жағдайда);</li> <li>▪ төлем жүргізу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ көрсетілген тұлғалар өкілдіктерін мерзімнен бұрын тоқтатқан жағдайда Директорлар кеңесінің мүшелері мен Басқарма мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшері туралы ұсыныстар беру;</li> <li>▪ Директорлар кеңесі мүшелерінің және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ұсынған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның еншілес акционерлік қоғамдарының атқарушы органы мүшелерінің (атқарушы органның функцияларын жеке-дара іске асыратын ұйымның тұлғалары) лауазымдық жалақы схемаларын қарастыру, және тиісті ұсыныстар мен ескертулер</li> </ul>   |

| р/н № | Комитеттің атауы | Комитеттің құзыреті  |
|-------|------------------|--|
|       |                  | <p>шығару;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Директорлар кеңесі мүшелерінің және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ұсынған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның еншілес акционерлік қоғамдарының атқарушы органы мүшелерінің (атқарушы органның функцияларын жеке-дара іске асыратын ұйымның тұлғалары) еңбекақы төлеу туралы ережесін қарастыру, және тиісті ұсыныстар мен ескертулер шығару;</li> <li>▪ жыл сайын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесіне Комитеттің жұмысы жөнінде есеп беру;</li> <li>▪ заңнамаға немесе «Қазақстан Халық Банкі» АҚ құжаттарына сәйкес қабылданатын шешімдер Комитеттің құзырлығына жатқызылуы мүмкін өзге мәселелер.</li> </ul> |

### 11-3. Ішкі аудит қызметі.

| Ішкі аудит қызметі басшысының тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы                       | Соңғы 3 жылдың ішінде және қазіргі уақытта хронологиялық тәртіпте атқарған лауазымдары, оның ішінде қоса атқару бойынша қызметі мен өкілеттік пен лауазымға тағайындалған күн көрсетіледі  |
|---|--|
| <p>Дияров Оскар Юрьевич – Ішкі аудит департаментінің директоры,<br/>1964 жылы туған</p> | <p>Ішкі аудит департаменті Директорының лауазымына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің 2006 жылғы 23 қарашадағы шешімі негізінде тағайындалды.</p> <p>2006 жылғы 23 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін – Ішкі аудит департаментінің директоры.</p> <p>Өкілеттік Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысына, еңбек шартына және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес орындалады, <b>оның ішінде:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Департамент құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешім қабылдау, сондай-ақ белгіленген тәртіппен Департамент құжаттарына қол қою;</li> <li>• Ішкі аудит қызметіне қатысты мәселелер қарастырылатын немесе Банктің Директорлар кеңесі Төрағасының шақыруымен Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу;</li> <li>• Банк Басқармасының кез келген отырысына дауыс беру құқығынсыз қатысу немесе отырысқа дауыс беру құқығынсыз қатысу үшін Департамент қызметкерлеріне өкілеттік беру;</li> <li>• Банктің және оның еншілес ұйымдарының қызметі туралы мәселелер бойынша Банк Басқармасының Төрағасына немесе Банк Басқармасына өтініш беру (Ішкі аудит институтының Ішкі аудит бойынша кәсіби тәжірибесінің халықаралық стандарттары (бұдан әрі – Стандарттар) 1100, 1110);</li> <li>• Директорлар кеңесімен, Директорлар кеңесінің Төрағасымен, Басқарма Төрағасымен және Аудит комитетінің Төрағасымен немесе, қажет болғанда, - сыртқы аудиторлармен (1100, 1110-Стандарттар) тікелей және өз бастамасымен байланысқа шығу;</li> <li>• Банк комитеттерінің және басқа да коллегиалдық органдарының отырыстарына қатысу (дауыс беру құқығынсыз);</li> <li>• Банктің Директорлар кеңесі Төрағасының тапсырмасы бойынша еншілес ұйымдар Директорлар кеңесінің және атқарушы органдарының отырыстарына қатысу (дауыс беру құқығынсыз);</li> </ul> |

| Ішкі аудит қызметі басшысының тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы  | Соңғы 3 жылдың ішінде және қазіргі уақытта хронологиялық тәртіпте атқарған лауазымдары, оның ішінде қоса атқару бойынша қызметі мен өкілеттік пен лауазымға тағайындалған күн көрсетіледі  |
|--|--|
|  | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Банктің құрылымдық бөлімшелерінен және еншілес ұйымдарынан функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және басқа ақпаратты белгіленген тәртіпке сәйкес сұрату және алу, сондай-ақ өз функцияларын орындауға қажетті құжаттардың барлығына шектеусіз қол жеткізу;</li> <li>• Банктің автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінде жасалған операциялардың барлығын қарап отыру;</li> <li>• Банк пен оның еншілес ұйымдары қызметінің түрлі аспектілерін дамытудың жай-күйі мен бағыттары бойынша, және тиімділігін арттыру жөнінде Директорлар кеңесіне және Банк Басқармасына ұсыныстар әзірлеу және енгізу;</li> <li>• Департамент қызметіне қатысты мәселелер бойынша ішкі құжаттар әзірлеу және Банктің Директорлар кеңесіне бекітуге ұсыну;</li> <li>• Департамент қызметкерлерін іріктеуге қатысу, белгіленген тәртіпке сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, ауыстыру, олардың біліктілігін арттыру және еңбек шарттарын бұзу, сондай-ақ оларға тәртіптік жаза шараларын қолдану жөнінде ұсыныс енгізу;</li> <li>• Ақпараттың сұратылу себебін ашудың орындылығын анықтау;</li> <li>• өз құзырына кіретін мәселелердің барлығы бойынша белгіленген тәртіппен кеңестер ұйымдастыру және өткізу;</li> <li>• Департамент қызметкерлеріне орындалуы міндетті болып табылатын тапсырмалар мен нұсқаулар беру және олардың орындалуын бақылау;</li> <li>• өз құзыры шегінде сырт ұйымдарда Банктің мүддесін білдіру және Банк өкілі ретінде оның атынан сөйлеу;</li> <li>• Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына жауап беретін еңбек жағдайларын жасау және ұстап отыру;</li> <li>• Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған еңбек сыйақысын, жеңілдіктерді және өтемдерді алу;</li> <li>• Оқыту, қайта дайындау және біліктілікті арттыруға бағытталған түрлі бағдарламаларға қатысу;</li> <li>• Банк Басқармасына және Банктің еншілес ұйымдарына алаяқтық фактілерін тексеру жөнінде ұсыныс беру (1210.A2 Стандарты);</li> <li>• Департамент қызметкерлерінің еңбек нәтижесі бойынша оларды Банкте және Қазақстан Республикасында қарастырылған көтермелеу түрлерінің барлығына ұсыну жөнінде дербес шешім қабылдау және құжаттарға қол қою.</li> </ul> |
| <p>Кисамбиева Сауле<br/>Куншуаковна – Ішкі аудит<br/>департаменті директорының<br/>орынбасары,<br/>1963 жылы туған</p> | <p>Ішкі аудит департаменті Директорының орынбасары лауазымына «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің 2006 жылғы 23 қарашадағы шешімі негізінде тағайындалды.</p> <p>2006 жылғы 23 қарашадан бастап қазіргі уақытқа дейін - Ішкі аудит департаменті директорының орынбасары.</p> <p>Өкілеттік Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің Жарғысына, еңбек шартына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес орындалады, <b>оның ішінде:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Департамент қызметіне күнделікті басқару жүргізу;</li> </ul>  |

| Ішкі аудит қызметі басшысының тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы | Соңғы 3 жылдың ішінде және қазіргі уақытта хронологиялық тәртіпте атқарған лауазымдары, оның ішінде қоса атқару бойынша қызметі мен өкілеттік пен лауазымға тағайындалған күн көрсетіледі  |
|---|--|
|   | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Департамент қызметіне қатысты мәселелер бойынша Департамент директорына қарастыру үшін ұсыныстар жасау;</li> <li>• өз функцияларын орындауға қажетті нормативтік құжаттардың барлығына белгіленген тәртіппен шектеусіз қол жеткізу;</li> <li>• Банктің құрылымдық бөлімшелерінен функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және басқа ақпаратты белгіленген тәртіпке сәйкес сұрату және алу,</li> <li>• Директорлар кеңесінің және Банк Басқармасының ішкі аудит қызметіне қатысты мәселелер қарастырылатын отырыстарына қатысу;</li> <li>• Банк басшылығынан аудиторлық тексерулер жүргізу және оларды объективті түрде көрсету барысындағы қызметтің тиімділігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасауды талап ету;</li> <li>• Банктің қызметінде пайдаланылатын бағдарламалық жасақтаманың барлығын қарап шығуға қол жеткізу;</li> <li>• Банктің кез келген үй-жайына кедергісіз кіру (кіруге қол жеткізу шектелген үй-жайларға Банк Басқармасы Төрағасының немесе оның орнындағы тұлғаның жазбаша рұқсатымен);</li> <li>• Банк қызметін дамытудың жай-күйі мен бағыттары және тиімділігін арттыру бойынша басшылыққа ұсыныстар әзірлеу және енгізу;</li> <li>• қызметкерлердің жұмысқа деген бастамашылдық және шығармашылық көзқарасы, қол жеткізген жоғары нәтижелері үшін оларды материалдық тұрғыдан көтермелеу жөнінде Департамент директорына ұсыныстар жасау;</li> <li>• Департамент қызметкерлеріне қатысты тәртіптік жаза шараларын қолдану жөнінде ұсыныс енгізу;</li> <li>• Департамент қызметіне қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдау, сондай-ақ белгіленген тәртіппен Департамент құжаттарына қол қою;</li> <li>• Департамент қызметкерлеріне орындалуы міндетті болып табылатын тапсырмалар мен нұсқаулар беру және олардың орындалуын бақылау;</li> <li>• өзіне қатысты болсын, Департамент қызметкерлеріне қатысты болсын, Банктен Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына жауап беретін еңбек талаптарын жасауды және ұстап отыруды талап ету;</li> <li>• өз құзыры шегінде сырт ұйымдарда Банктің мүддесін білдіру немесе Банк өкілі ретінде оның атынан сөйлеу;</li> <li>• Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған еңбек сыйақысын, жеңілдіктерді және өтемдерді алу;</li> <li>• оқыту, қайта дайындау және біліктілікті арттыруға бағытталған түрлі бағдарламаларға қатысу;</li> <li>• Департамент директоры орнында болмаған жағдайда оның өкілеттігін атқару.</li> </ul> |

3. «Қоғам акционерлері» деген 15-тармақ мынадай редакцияда берілсін:

**«15. Қоғам құрылтайшылары (акционерлері).**

2011 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша қоғам орналастырған акциялардың он және одан артық пайызына иелік етуші акционерлер тізімі:



| № | Заңды тұлға-акционердің толық атауы немесе жеке тұлға-акционердің ТАӘ               | Акционер қоғам орналастырған акциялардың он және одан артық пайызына иелік ете бастаған күн | Заңды тұлға-акционердің орналасқан жері және жеке тұлға-акционердің мекен-жайы және төлқұжат мәліметтері | Орналастырылған акциялардың жалпы санына акционерлерге тиесілі акциялардың пайыздық қатынасы, % | Дауыс беретін акциялардың жалпы санына акционерлерге тиесілі акциялардың пайыздық қатынасы, % |
|---|---|---|--|---|---|
| 1 | «Холдинговая группа «АЛМЭКС» акционерлік қоғамы - «Холдинговая группа «АЛМЭКС» АҚ   | 2002 жылғы 29 қаңтар  | Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Өзірбаев к-сі, 58   | 44,51   | 90,22   |
| 2 | «Самұрық - Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы - «Самұрық - Қазына» АҚ | 2009 жылғы 27 наурыз  | Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 23                                       | 11,55   | 0,00  |

**Қоғам орналастырған акциялардың он және одан артық пайызына иелік етуші Банк акционері – заңды тұлғаның ірі акционерлері туралы мәліметтер:**

➤ Төмендегілер «Холдинговая группа «АЛМЭКС» АҚ-ның акционерлері болып табылады:

| №  | Тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы             | Оларға тиесілі қатысу үлестерінің саны | Жеке басты куаландыратын құжаттардың деректемелері                              | Мекен-жайы                   |
|----|---|--|---|------------------------------|
| 1. | Кулибаев Тимур Аскарлович, 1966 жылы туған      | 50%                                    | ж/к № 027777777, 17.03.2011 ж. Әділет министрлігімен берілген; СТН 600910502452 | Алматы қ., Өзірбаев к-сі, 58 |
| 2. | Кулибаева Динара Нурсултановна, 1967 жылы туған | 50%                                    | ж/к № 027555555, 29.03.2011 ж. Әділет министрлігімен берілген; СТН 600911100115 | Алматы қ., Өзірбаев к-сі, 58 |

➤ Төмендегілер «Самұрық - Қазына» АҚ-ның акционерлері болып табылады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік меншік және жекешелендіру комитеті «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жалғыз құрылтайшысы болып табылады. ».

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Басқарма Төрағасы

Ү. Шаяхметова

«Қазақстан Халық Банкі»  
Бас бухгалтері

П. Чеусов

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ  
Ішкі аудит департаменті  
директорының орынбасары

С. Кисамбиева



# ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В ПРОСПЕКТ ВЫПУСКА АКЦИЙ

## АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА « НАРОДНЫЙ СБЕРЕГАТЕЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА»

### АО «НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА»

*Государственная регистрация выпуска объявленных акций уполномоченным органом не означает предоставление каких-либо рекомендаций инвесторам относительно приобретения акций, описанных в проспекте. Уполномоченный орган, осуществивший государственную регистрацию выпуска объявленных акций, не несет ответственность за достоверность информации, содержащейся в данном документе. Проспект выпуска акций рассматривался только на соответствие требованиям законодательства Республики Казахстан. Должностные лица акционерного общества несут ответственность за достоверность информации, содержащейся в настоящем проспекте, и подтверждают, что вся информация, представленная в нем, является достоверной и не вводящей в заблуждение инвесторов относительно общества и его размещаемых акций.*

Г.АЛМАТЫ  
2011 г.

В Проспект выпуска акций АО «Народный Банк Казахстана», зарегистрированного 29 марта 2005 года (с внесенными изменениями от 28 июля 2005 года, 18 ноября 2005 года, 30 мая 2006 года, 04 декабря 2006 года, 06 февраля 2007 года, 18 июня 2007 года, 17 августа 2007 года, 02 ноября 2007 года, 02 апреля 2008 года, 13 января 2009 года, 19 марта 2009 года, 18 мая 2009 года, 24 ноября 2009 года, 22 февраля 2010 года, 27 мая 2010 года, 16 июля 2010 года и 25 августа 2010 года) (выпуск внесен в Государственный реестр ценных бумаг под №А3387), внести следующие изменения и дополнения:

1. Пункт 11 «Совет директоров акционерного общества» изложить в следующей редакции:

**«11. Совет директоров акционерного общества.**

| Фамилия, имя, отчество, год рождения председателя и члена совета директоров (с указанием независимых директоров)   | Должности, занимаемые председателем и членами совета директоров за последние 3 года и в настоящее время, в хронологическом порядке, в том числе – по совместительству, дата вступления их в должности   |
|--|---|
